

типовая форма утверждена

Правлением АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от
"28" ноября 2016 года № 79)

*с изменениями и дополнениями,
утвержденными Правлением АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от "07" ноября 2019 года № 043)*

Для лиц, связанных с Банком
особыми отношениями
(в том числе с аффилированными лицами)
типовая форма утверждена решением
Совета директоров АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от 15 декабря 2016 года № 41)

*с изменениями и дополнениями,
утвержденными Советом директоров АО "Tengri Bank"
(протокол заседания от "15" января 2020 года № 1)*

"TengriWallet" қашықтан қол жеткізу жүйесінде жеке тұлғаларға электрондық банктік қызмет көрсету талаптары

1 бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы "TengriWallet" қашықтан қол жеткізу жүйесінде жеке тұлғаларға электрондық банктік қызмет көрсету талаптары (бұдан әрі – Талаптар) "Tengri Bank" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк) мен Клиент арасындағы өзара қатынасты, сондай-ақ Банктің қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы жеке тұлғаларға электрондық банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарын, оған қойылатын шектеулер мен рәсімін (бұдан әрі – SMS-хабарлау) реттейді.
2. Осы Талаптар Банк пен Клиент арасында жасалған Жеке тұлғаларға электрондық банктік қызмет көрсетуге арналған шарттың (бұдан әрі – Шарт) ажырамас бөлігі болып табылады. Шарт пен осы Талаптар тек бір құжат ретінде қаралатын болады. Осы Шартқа қосыла отырып, Клиент осы Талаптарға да қосылады және:
 - 1) осы Талаптарды және Банк тарифтерін алғанын, танысқанын және олармен сөзсіз келісетінін;
 - 2) осы Талаптарды сақтауға және оны басшылыққа алуға міндеттенетінін растайды.
3. Осы Талаптар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Төлемдер және төлем жүйелері туралы Қазақстан Республикасы Заңының 13 бабы 4 тармағында көзделген төлем қызметтерін көрсету туралы шартқа арналған талаптардан тұрады. Банктің төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыруы Банктің ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте жүргізіледі.
4. Осы Талаптар Банктің электрондық банктік қызмет көрсету ережелерін белгілейді, www.tengriwallet.kz мекенжайы бойынша "TengriWallet" қашықтан қол жеткізу жүйесінің (бұдан әрі – Жүйе) интернет-ресурсына орналастырылады.

Егер, Банкте Жүйенің интернет-ресурсында Клиентпен табысты түрде авторландырылған, Талаптарды Клиенттің келісімді растайтын әрекеттер жүргізу арқылы қабылдағанын және онымен танысқанын растайтын, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 152 бабына сәйкес қағаз тасымалдаушыдағы тиісті құжатқа тең деп танылатын және соларға ұқсас құқықтар мен міндеттерді тудыратын электрондық түрдегі құжат болған кезде, Клиенттің осы Талаптарға немесе Банк тарифтеріне қойған қолының жоқтығына байланысты, оның осы Талаптарды немесе Банк тарифтерін алмағанын немесе өзіне түсіндірілмегенін дәлелдеуге құқығы жоқ.

5. Осы Талаптардың әрекеті Банк көрсететін және осы Талаптарда көзделмеген өзге қызметтерге әсер етпейді. Егер, Клиент өзге қызметтерді алуға ниет білдірсе, онда тиісті қызметтерді алуға арналған басқа шарттарды жасау талап етіледі.
6. Осы Шарттың және осы Талаптардың мәтінінде пайдаланылатын түсініктер мен анықтамалар, егер Шарттың немесе осы Талаптардың мәтінінде тікелей өзгеше белгіленбесе, осы Талаптардың қосымшасында келтірілген мәнге ие болады.
7. Жүйені пайдаланып жүргізілетін төлемдер мен өзге де операциялар бойынша алынатын алымдар мен комиссиялар мөлшері және оларды алу тәртібі Банктің ресми интернет-сайтына орналастырылатын Банктің тарифтерінде көрсетіледі.
8. Жүйедегі қауіпсіздік талаптарын және төлемдер мен өзге де операцияларды жүзеге асыру кезіндегі, оның ішінде осы Талаптарда ретке келтірілмегендерге қатысты талаптарды Банк осы ақпаратты Жүйенің интернет-ресурсына орналастыра отырып, белгілейді.
9. Жүйеге тіркеуді Клиент Жүйенің арнайы бөлімінде белгіленген тәртіппен жүйелі әрекет жасау арқылы өзі жүзеге асырады.

2 бөлім. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

10. Электрондық банктік қызмет көрсетуді Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен қашықтан жүзеге асырады. Электрондық банктік қызмет көрсету Жүйенің мобильді немесе WEB-қосымшаларын пайдалана отырып, Интернет арқылы жүзеге асырылады.
11. Электрондық банктік қызметтер ақпараттық банктік және электрондық төлем қызметтері болып бөлінеді.
12. Электрондық төлем қызметтерін көрсету кезінде Банк пен Клиент арасында ақпаратпен алмасу Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады.
13. Интернетке кіру мүмкіндігі болған кезде Клиентте ұялы байланыс операторы желісіне қосылған, SMS-хабарларды қабылдауға және жолдауға мүмкіндік беретін ұялы телефон немесе басқа да қондырғының болуы электрондық банктік қызметтердің толық кешенін алуда міндетті талап болып табылады.
- 13-1. Клиент жүйеге төлем карточкасын қосқан кезде растаушы транзакцияны жүргізу талап етіледі.
- 13-2. Клиенттің жүйеге қосылған төлем карточкасының деректемелерін пайдаланумен жүргізілген транзакциялар рекуррентті төлемдер болып саналуы немесе олардың рекуррентті белгісі болуы мүмкін. Осы төлем карточкасының деректемелерін пайдаланумен жүргізілген соңғы транзакция жүзеге асырылған сәттен бастап бір жылдан астам уақыт бойы операциялар болмаған жағдайда, растаушы транзакцияны жүргізу қажет.
14. Банк төлемдерді қабылдау және өңдеу бойынша электрондық төлем қызметін көрсетуді және Жүйе арқылы банктік шоттарды пайдаланып жүзеге асырылатын басқа да операцияларды Клиенттен төлемдер және Жүйеде жүзеге асырылатын басқа да операцияларды жүргізу жөніндегі нұсқауды алған күннен кейінгі күнтізбелік күннен кешіктірмей, жүргізеді.

15. Тараптар Жүйе арқылы алынған Клиенттің нұсқауын оның қолы қойылған қағаз тасымалдаушыдағы жазбаша құжатқа заңды балама деп таниды.
16. Клиент Жүйедегі өзінің нұсқауларындағы деректердің дұрыстығы мен мазмұны және өз нұсқауларында жіберілген қателердің салдары үшін толық жауапкершілік атқарады.
Клиент Алушының деректерін, әмиянның сәйкестендіру кодын (егер бұл талап етілсе) және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және осы Талаптардың талаптарына сәйкес қажетті өзге де деректемелерді қате толтырған кезде (бірақ бұлармен шектелмей), ол Клиенттің қатесі деп саналады.
17. Банктік шоттар арасындағы ақша аударымдарын (банктік шоттарды толықтыру) Банк Клиенттің нұсқауын алған кезде, Клиенттің нұсқауында көрсетілген соманы пайдаланылатын банктік шоттан акцептсіз алу және оны Клиенттің нұсқауында көрсетілген басқа банктік шотқа аудару арқылы жүзеге асырады.
18. Банктік қарызды өтеу Банктік қарыз шартында көзделген тәртіппен, мөлшерде және кезектілікпен жүргізіледі.
19. Өз шоттары арасында аударымдар жүргізілген немесе пайдаланылатын банктік шот валютасынан басқа валютада берілген банктік қарызды өтеу кезінде Банк Клиенттің нұсқауында көрсетілген соманы Клиенттен тапсырма алған кезде Банкте қолданыста болған бағам бойынша айырбастауды жүзеге асырады.
20. Банк көрсетілген электрондық банктік қызметі үшін Банк тарифтеріне сәйкес сыйақы алады.
21. Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылатын SMS-хабарларды жолдау Клиенттен комиссия ұстамай, Банк есебінен жүргізіледі. SMS-хабарлау қызметі аясында жолданған SMS-хабарлар үшін, сондай-ақ Клиенттің бастамасы бойынша SMS-хабарлар жолданған басқа да жағдайларда, Банкпен Банк тарифтеріне сәйкес сыйақы алынады.
22. Жүйеде белгіленген қолма қол төлемдер және (немесе) ақша аударымдары лимиттерінің мөлшері туралы ақпарат Клиенттің жеке кабинетіне орналастырылады.
23. Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары/тұлғалары тарапынан, сондай-ақ "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекеттер туралы" Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес Клиентке қойылған талаптар болған жағдайда, Банк операция жүргізуден бас тартуға (электрондық төлем қызметтері мен ақпараттық банктік қызметтер) және Банктің балама арналарындағы электрондық банктік қызметтердің жұмысына шектеу қоюға құқылы.
24. Осы арқылы Клиент, Банк жазып алушы құрылғы арқылы жазып алған Клиенттің Банк қызметкерімен телефон бойынша сөйлескен әңгімесі, Клиенттен түскен ауызша нұсқау мазмұнының толық дәлелі болып табылатынымен және келіспеушіліктерді реттеу үшін құрал, сондай-ақ сотта дәлел ретінде пайдаланылатынымен сөзсіз келіседі.

3 бөлім. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОСЫЛУ

25. Клиенттің электрондық банктік қызметтерге қосылуы үшін одан Интернетке кіруге берілетін рұқсат және Жүйеде тіркелген Клиенттің телефон нөміріне жіберілген SMS-код талап етіледі. Клиент Жүйеге әрбір кірген кезде тұрақты негізде пайдаланатын оның ұялы телефонының нөмірі Клиенттің логины болып табылады және ол кез келген уақытта Клиенттің қалауы бойынша осы Талаптардың 28 тармағында белгіленген қажетті әрекеттерді жасау арқылы өзгертілуі мүмкін. Клиент өзі белгілеген парольды қалауы бойынша кез келген уақытта немесе Банктен парольды өзгерту қажеттілігі туралы хабарлама алған кезде өзгерте алады.
26. Осы Талаптардың 30 тармағында көрсетілген Жүйе арқылы электрондық банктік қызметтерді алу үшін Жүйеге тіркелгеннен кейін Клиент келесі тәсілдермен:

- 1) Банкке жеке өзі келіп, жеке басын куәландыратын құжатты беруі арқылы;
 - 2) Клиенттің Жүйеде сәйкестендіруден өтуі арқылы (техникалық мүмкіндік болған кезде) біржолғы сәйкестендіруден өтуі қажет.
27. Клиентті SMS-хабарлауға қосуды:
- 1) Банк Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген нысан бойынша Клиенттің өтініші негізінде;
 - 2) Клиент Жүйенің интернет-ресурсындағы Шартқа қосылу арқылы жеке өзі жүзеге асырады.
28. Клиент тіркелген телефон нөмірін Банктің бөлімшесіне тиісті өтініш беру немесе Жүйеде сәйкестендіруден өту арқылы өзгертуге құқылы.

4 бөлім. ЖҮЙЕ АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ

29. Бір сессия ішінде Клиент белгіленген лимиттерді ескере отырып, электрондық банктік қызметтердің шексіз мөлшерін алуға құқылы. Осы Талаптардың 55 тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банк бір сессия уақытына шектеу қоймайды.
30. Жүйе арқылы Клиент келесі электрондық банктік қызмет түрлерін алуға құқылы (Жүйеде техникалық мүмкіндік болған кезде):
- 1) ақпараттық банктік қызметтер:

Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарындағы ақша қалдығы және оның қозғалысы туралы ақпаратты қарау;

Банктік қарыз шарты бойынша берешек қалдығы, ай сайынғы төлемдер мөлшері және банктік қарыздарды өтеу бойынша жүргізілген төлемдер туралы ақпаратты қарау;

Қызметтерді жеткізіп берушілердің пайдасына жүргізілген төлемдер және Клиенттің банктік шоттары арасында Клиент жүргізген аударымдар туралы ақпаратты қарау;

Клиенттің банктік салымына есептелген сыйақы туралы ақпаратты қарау;

Банктік шоттың нөмірі және валютасы, жасалған банктік шот/салым шарты, банктік шот/салым шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесі туралы ақпаратты қарау;

Банктік қарыз шарты бойынша өтеу кестесін қарау;

Қызметтерді жеткізіп берушілердің алдындағы берешекті қарау;

Клиент тіркелген қызметтер тізбесі.
 - 2) электрондық төлем қызметтері:

Клиенттің банктік шоттары арасында аударымдарды жүзеге асыру;

Үшінші тұлғалардың банктік шоттарына аударымдар жасау;

Қазақстан Республикасының кез келген банкі шығарған VISA немесе MasterCard төлем карточкалары кіру құралы болып табылатын банктік шоттан Қазақстан Республикасының кез келген банкі шығарған VISA немесе MasterCard төлем карточкалары кіру құралы болып табылатын үшінші тұлғаның банктік шотына ақша аудару;

Тауарлар мен қызмет жеткізіп берушілердің пайдасына төлемдер жасау;

Банк берген банктік қарыз бойынша берешекті өтеу;

Салымды ашуға немесе кредит алуға өтініш беру;

банктік шот ашу;

банктік шот/салым шартында белгіленген талаптармен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен валютаны қолма қол ақшасыз айырбастау;

QR-коды арқылы төлемдер мен аударымдар жасау.

- 30-1. Клиенттің банктік шотынан үшінші тұлғалардың банктік шоттарына ақша аудару бойынша операциялар Жүйеде Клиенттің ағымдағы шотынан жүзеге асырылады. Клиенттің банктік шоттары арасында ақша аударымын жүргізу бойынша операциялар Жүйеде Клиенттің ағымдағы немесе жинақ шоттары арқылы жүргізіледі.
31. Клиент өз банктік шоттарының арасында жүргізетін аударымдарды қоспағанда, Клиенттің арнайы бөлінген жолға SMS-кодты енгізуі Жүйеде электрондық төлем қызметтерін алу үшін міндетті талап болып табылады.
32. Клиент SMS-кодты енгізуі үшін тиісті команданы таңдай отырып, Банктен SMS-кодты сұрайды. Банк SMS-кодты Клиент электрондық банктік қызметті пайдаланушы ретінде тіркелген кезде көрсеткен телефон нөміріне жолдайды және ол бір операцияға ғана қолданылады.
33. Ақпараттық-банктік қызметтерді алу кезінде SMS-кодты енгізу талап етілмейді.

5 бөлім. SMS-ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ

34. SMS-хабарлауды пайдалану үшін Клиентте Қазақстан Республикасының ұялы байланыс операторы желісіне қосылған кез келген үлгідегі және маркадағы ұялы телефонның болуы міндетті талап болып табылады.
35. Клиент SMS-хабарлауға қосылған кезде:
 - 1) жинақ шотындағы әрбір ақша қозғалысы туралы;
 - 2) әрбір күнтізбелік ай соңында Клиенттің жинақ шотындағы ақша қалдығы туралы ақпарат алуға құқылы.
36. SMS-хабарлау тек тіркелген телефон нөмірі және Клиент SMS-хабарлауға қосуға берген өтініште көрсетіп телефонға тіркелген банктік шот нөмірі бойынша беріледі.
37. Клиент SMS-хабарлауға қосылған кезде тіркелген телефон нөмірі бойынша өзінің атына ашылған бір немесе бірнеше банктік шоттар, сондай-ақ бірнеше төлем карточкалары бойынша жүргізілген операциялар жөнінде ақпарат алуға құқылы.
38. Әрбір банктік шот бойынша SMS-хабарлау үшін Клиент Банкке Банк тарифтеріне сәйкес сыйақы төлейді.

6 бөлім. БАНК ЖҮЙЕДЕ ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУДЕН НЕМЕСЕ ҚОСЫЛУ ШАРТЫН ЖАСАУДАН БАС ТАРТУ ҚҰҚЫҒЫН ӨЗІНЕ ҚАЛДЫРАТЫН ТАЛАПТАР

39. Банк Жүйе арқылы төлем қызметін көрсетуден немесе Шарт жасаудан:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, оның ішінде нұсқауды орындаудан бас тартатын жағдайларда;
 - 2) Банктің пікірі бойынша Жүйеде рұқсат берілмеген төлемдер анықталған;
 - 3) Клиент нұсқауында көрсетілген сомасы операция жүргізу және Банк тарифтерінде көзделген комиссияны есептен шығару үшін жеткіліксіз болған;
 - 4) Клиент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сай болмаған;
 - 5) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда;

- 6) Клиент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын іске асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Банкке бермеген;
 - 7) осындай операцияға қатысушылар төменде көрсетілген тізімдерде болса немесе тізімдегі тұлғалармен байланысты/ аффилирленген болса:
 - терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдардың және тұлғалардың тізімінде;
 - халықаралық санкциялық тізімдерде;
 - жекелеген мемлекеттердің санкциялық тізімдерінде;
 - жекелеген мемлекеттердің айрықша/тыйым салынған санаттарындағы тізімдерде;
 - 8) Клиент Банк пен Клиент арасында жасалған Шарт талаптарын барынша бұзған жағдайларда;
 - 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Шартта және осы Талаптарда көзделген басқа да жағдайларда бас тартуға құқылы.
40. Банк бас тарту себебін көрсете отырып, Жүйені пайдаланып төлем қызметін көрсетуден немесе Шарт жасаудан бас тартатыны жөнінде Клиентті дереу хабардар етеді.

7 бөлім. ШАҒЫМ БЕРУ ЖӘНЕ ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

41. Даулы жағдайлар туындаған жағдайда, Клиент даулы жағдайды анықтаған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде шағымның (бар болған кезде) негізді екенін растайтын құжаттарды тіркей отырып, бұл туралы жазбаша түрде (бұдан әрі – даулы жағдайлар туралы өтініш) Банкке хабарлайды. Банктің көрсетілген мерзім ішінде Клиенттен даулы жағдайлар туралы осындай өтінішті алмауы төлем қызметінің немесе өзге де операцияның дұрыс жасалғандығын растау болып саналады.
42. Банк рұқсат берілмеген төлемдер тәуекелін төмендету мақсатында даулы жағдайлар туралы алынған өтініш негізінде даулы жағдайларды тексерген¹ кезде, Банк Клиент мүддесі үшін, өз қарауына қарай Клиент шығындары мен шығыстарының алдын алуға арналған шараларды қолдана алады.
43. Тараптар даулар мен келіспеушіліктерді сотқа дейінгі тәртіппен шешу үшін барлық қажетті шараларды қолданады және күш салады. Банк пен Клиент арасындағы келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер барысында ретке келтірілмеген жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банктің орналасқан жері бойынша соттың қарауына берілуі мүмкін.
44. Клиенттің даулы жағдайға қатысты шағымын Банк негізді деп таныған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген нормалар сақтала отырып, Банкке ақша қайтарылғаннан кейін ғана Банк осындай операцияның сомасын қайтарады.
45. Клиенттің даулы жағдайлар туралы өтініші бойынша жүргізілген тексеру нәтижесінде Клиенттің шағымы негізсіз болып танылған жағдайда, Банк Клиенттен Банктің осындай даулы жағдайға қатысты тексеру жүргізумен байланысты барлық шығындарын нақты құны бойынша төлеуін талап етуге құқылы.

Клиент рұқсатсыз төлем немесе басқа да талаптар жөнінде негізсіз шағымданған жағдайда, Банк даулы жағдайларды реттеумен байланысты Банкке келтірілген барлық шығындар сомасын Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан акцептсіз тәртіппен шығарып алуға құқылы.

¹ Даулы жағдайлар туралы өтінішті қарау мерзімі, ол Банкке түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнді құрайды.

46. Нұсқауды орындаудан немесе тиісті түрде орындаудан негізсіз бас тартылғаны анықталған жағдайда, Банк Клиенттің құжат түрінде дәлелденген шығындарының сомасынан аспайтын нақты залал сомасын Клиентке қайтарады.
- Банктің осындай төлемді жүзеге асыруы оны осындай нұсқауды орындаудан босатады, бұндай кезде Клиенттің жаңа нұсқау қоюына құқығы бар.
- Банк нақты залал сомасын Клиентке келтірілген залалды растайтын құжат Банкке берілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төлейді.
47. Клиенттің рұқсатсыз төлемді жүргізуге қатысқандығы немесе оны жүзеге асыруға ықпал еткендігі анықталған жағдайда, Банк жауапкершіліктен босатылады және Клиентке рұқсатсыз төлемді жүргізумен байланысты келтірілген шығындарды өтемейді.
48. Өзге шағымдарды қарау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

8 бөлім. ЖҮЙЕДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН РҰҚСАТСЫЗ ТӨЛЕМДЕР ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ/ӘРЕКЕТТЕРДІ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҚОРҒАНУ ТӘРТІБІ

49. Банктің Жүйедегі рұқсат берілмеген төлемдерден бағдарламалық-техникалық қорғау құралдары екі негізгі құраушыдан тұрады:
- 1) желі топологиясын ұйымдастыру. Интернеттің ғаламдық желісінен кіруге рұқсат берілген серверде құпия ақпарат сақталмайды. Бұл үшін кілттерді тарату сервері және Клиенттерге қызмет көрсетуге арналған ақпараттан тұратын деректер базасы ғаламдық желіден кіру мүмкін болмайтын жеке желі сегментіне шығарылады.
 - 2) ғаламдық желіден қол жеткізілетін Клиент пен сервер арасындағы деректермен қауіпсіз алмасуды қамтамасыз ету. Бұл үшін серверді ауыстырып жіберуді болдырмауға, Клиент пен сервер жағындағы хабарламалармен алмасу хаттамаларын салыстыру арқылы қауіпсіздік жүйесіндегі кемшіліктерді ертерек анықтауға мүмкіндік беретін трафикті шифрлау алгоритмі қолданылады. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, транзакция жойылады, ал пайдаланушының (немесе сервердің) кілті жарамсыз болып саналады.
50. Берілетін ақпараттың құпиялылығы деректерді шифрлаумен қамтамасыз етіледі. (SSL – ағыл. Secure Sockets Layer — қорғалған сокеттер хаттамасы). Берілетін ақпараттың тұтастығы әрбір SSL топтаманы хештеумен қамтамасыз етіледі.
51. Даулы жағдайларды талдау және талқылау үшін деректерге кіру Жүйеге қатысушылар жіберген/қабылдаған барлық құжаттарды мұрағаттау мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.
52. Жүйені пайдаланушылардың барлық әрекеттері жүйеде жүргізілетін электрондық журналдарға жазылады.
53. Банк банктік құпиядан тұратын ақпаратқа рұқсатсыз кіруден қорғануды қамтамасыз ету үшін Клиент Жүйеге кірген кезде логин мен парольді дұрыс көрсеткенін автоматты түрде тексереді
54. Жүйеде пароль үш рет қате терілгеннен кейін Банк пайдаланушыны 30 минутқа оқшаулап тастайды, осы уақыт өткеннен кейін парольды дұрыс енгізген жағдайда, Клиентке Жүйеде жұмыс жасауға мүмкіндік беріледі.
55. Клиент Жүйеге кіргеннен кейін компьютер немесе ұялы телефон 10 минут астам уақыт бойы әрекетсіз болған жағдайда, Жүйеден автоматты түрде шығу және сессияның аяқталуы жүзеге асырылады.
56. Клиенттің логины мен парольін қауіпсіз сақтау мақсатында Жүйеге кіру рәсімін оңайлату Жүйеде көзделмеген.
57. Жүйе арқылы төлем қызметтерін алу туралы Клиент нұсқауының шынайылығын тексеруді Банк Клиент енгізген SMS-код бойынша автоматты түрде жүзеге асырады.

58. Банктік құпиядан тұратын ақпаратқа рұқсатсыз кірген немесе осындай әрекеттер жасалған, оны рұқсатсыз өзгерткен жағдайлар анықталған, Банк электрондық ақшаны пайдаланып, төлем қызметтерін көрсету кезінде басқа да рұқсатсыз әрекеттер туындаған жағдайда, Банк осындай жағдайлар анықталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, электрондық байланыс арналары арқылы Клиентті бұл жөнінде хабардар етеді.
59. Рұқсат берілмеген әрекеттер туындаған жағдайда, Банк дереу олардың салдарын жою және алдағы уақытта болдырмау үшін барлық қажетті іс-шараларды қолданады.
60. Банкте рұқсатсыз төлемдерден қорғану деңгейін арттыру, алаяқтық және өзге де жаман ниетпен жасалатын әрекеттердің және киберқауіпсіздік қатерінің алдын алу, құпия ақпараттың жария болуына жол бермеу немесе өзге де заңсыз әрекеттерді болдырмау мақсатында Жүйеде жүргізілетін электрондық банктік қызметтерді көрсету үшін қажетті қосымша қызметтер де қарастырылған.
61. Банк Клиент үшін жақсарту жағына қарай, рұқсатсыз төлемдерден, алаяқтық әрекеттерден, құпия ақпаратты жария етуден немесе алдағы уақытта болуы мүмкін қатерлерді және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін анықтау және алдын алу аясындағы басқа заңсыз әрекеттерден қорғану процедурасын күшейту жөніндегі іс-шараларды бір жақты тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.
62. Клиент Жүйеде рұқсатсыз төлемдер жүргізілгендігін анықтаған жағдайда, Клиент осындай төлем анықталған 1 (бір) операциялық күннен кешіктірмей, төлемнің заңсыз жүргізілгендігін растайтын объективті куәліктерді қоса отырып, бұл жөнінде Банкті хабардар етеді.
63. Банк Клиенттің рұқсатсыз жүргізілген төлем және Жүйедегі жұмыс кезінде ақпараттың құпиялылығы мен тұтастығын қамтамасыз етуге қатысты өзге де мәселелер жөніндегі өтінішін осы Талаптардың 7 бөлімінде белгіленген тәртіппен қарайды.

9 бөлім. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДІ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТОҚТАТУ

64. Осы Талаптардың 65 тармағында көзделген негіздер бойынша электрондық банктік қызметтер көрсету тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайда, Банк Клиентті электрондық банктік қызметтер көрсету тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиенттің электрондық мекен-жайына хабарлама немесе Клиент тіркеу кезінде көрсеткен телефон нөміріне SMS-хабар жолдау немесе Банктің корпоративтік web-сайтына және/немесе Жүйенің мобильдік немесе WEB-қосымшаларына ақпарат орналастыру арқылы хабардар етеді.
65. Электрондық банктік қызметтер көрсетуді тоқтата тұруды немесе тоқтатуды Банк:
 - 1) Клиент осы Талаптарда және Банк пен Клиент арасында жасалған Шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындамаған кезде;
 - 2) Клиенттің бастамасы бойынша, ол Банкке Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген нысан бойынша өтініш берген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей;
 - 3) Жүйеде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Шартта және осы Талаптарда белгіленген шарттар мен талаптарды бұзып, операция жүргізілген кезде;
 - 4) электрондық банктік қызметтерді қамтамасыз ететін техникалық құралдар істен шыққан кезде;
 - 5) Банк Клиенттің өз параметрлері туралы ақпаратты (пайдаланушының аты, пароль және басқа да) басқа тұлғаларға бергенін анықтаған кезде немесе Банктің пікірінше осындай шаралар қажет деп есептелген жағдайда, басқа да негіздер бойынша;

- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қатысты осы Талаптардың 39 тармағы 5)–7) тармақшаларына сәйкес;
 - 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Шартта және осы Талаптарда көзделген басқа да негіздер бойынша жүзеге асырады.
66. SMS-хабарлау ұсынуды тоқтата тұруды немесе тоқтатуды Банк, Клиенттің Банкте ашылған жалғыз банктік шотына кіруге мүмкіндік беретін төлем карточкасы жойылған немесе банктік шот жабылған жағдайда, жүзеге асырады.
 67. Клиенттің электрондық банктік қызмет алуға берілген құқығының тоқтауына әсер еткен себептер жойылған кезде, Клиентке электрондық банктік қызмет көрсету қалпына келтіріледі.
 68. Банк Клиентті электрондық банктік қызмет көрсетудің қалпына келтірілгені туралы Клиент тіркеу кезінде көрсеткен оның электрондық мекен-жайына немесе тіркелген телефон нөміріне хабарлама жолдау арқылы қалпына келтірілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.
 - 68-1. Банк Клиенттерді Жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін және Жүйедегі банктік қызметтерге Клиенттің қол жеткізуіне ықпал ететін техникалық, бағдарламалық және басқа да құралдарға енгізілген өзгерістерді (жаңартуларды) қолданысқа енгізетіні туралы Банктің немесе Жүйенің веб-сайтына ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы хабардар етеді.

10 бөлім. ҚҰПИЯЛЫҚ

69. Банк Клиенттің банктік құпиясынан тұратын ақпаратқа үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруінің алдын алу үшін шаралар қолдануды міндеттенеді. Кез келген осындай ақпарат үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғана берілетін болады.
70. Парольдарды, SMS-кодтарды пайдалану қандайда бір құпия ақпаратты Клиентке беруді немесе оны Банктің сақтауын қарастыратын жағдайларда, Банк осындай ақпаратты Клиентке бергенге дейін, сондай-ақ көрсетілген ақпаратты сақтау кезінде оған үшінші тұлғалардың қол жеткізуді болдырмау үшін ұйымдық және техникалық сипаттағы барлық қажетті және Банкке қатысты шараларды қолдануға міндеттенеді.
71. Банктік құпиядан тұратын ақпаратқа рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз ету үшін Банк Клиенттің Жүйеге кіретін кезде логин мен парольды дұрыс көрсетуін тексеруді жүзеге асырады.

11 бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

72. Тараптар Шартта және осы Талаптарда көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.
73. Банк банктік құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.
74. Банк:
 - 1) Клиент Жүйеге кіру үшін қажетті логин мен парольды жария ету салдарынан банктік құпиядан тұратын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізілгені;
 - 2) Клиент Жүйеге кіру үшін қажетті логин мен парольды жария етуі немесе Клиент Жүйеде операция жүргізуге арналған SMS-коды туралы ақпарат келіп түсетін тіркелген телефон нөмірі бар ұялы телефонын, сондай-ақ SIM картаны жоғалтуы

немесе оны үшінші тұлғаға беруі салдарынан, Клиенттің банктік шотына рұқсатсыз қол жеткізілгені;

- 3) Клиенттің Жүйеге кіруін оқшаулау жөнінде Клиент Банкке дер кезінде хабарласпауы салдарынан туындаған жағдайлар үшін жауап бермейді.
75. Клиент Шарт және осы Талаптар міндеттерін тиісті түрде сақтамағаны үшін Банкке келтірілген толық залалдар көлемінде жауап береді.

"TengriWallet" қашықтан қол жеткізу жүйесінде жеке тұлғаларға электрондық банктік қызмет көрсету талаптарына

қосымша

осы Талаптардың және Шарттың мәтінінде қолданылатын

ТҮСІНІКТЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР:

- 1) банктік қарыз/қарыз – Банк Қарыз алушыға қайтарымдылық, төлемділік, мерзімділік және банктік қарыз шартында белгіленген басқа да талаптармен беретін ақша.
- 2) банктік шот – Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы немесе жинақ шоты.
- 3) биометриялық сәйкестендіру – Клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде оның электрондық банктік қызметтерді алуына деген құқығын түпкілікті растау мақсатында оның жеке басын анықтау рәсімі.
- 4) динамикалық сәйкестендіру – SMS-кодты пайдалану арқылы Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алуына деген құқығын түпкілікті растау мақсатында оның жеке басын анықтау рәсімі.
- 5) тіркелген телефон нөмірі – Клиентке ұялы байланыс операторы берген, Клиент Жүйеге тіркелген кезде көрсеткен, Банкте сақталған және қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын телефон нөмірі.
- 6) сәйкестендіру – жеке тұлғаны оның сыртқы келбетін жеке басын куәландыратын құжаттағы суретпен салыстыру арқылы оның жеке басын анықтау рәсімі.
- 7) Клиент – электрондық банктік қызмет алу үшін Жүйеге тіркелген жеке тұлға.
- 8) лимит – Клиенттердің Банк белгілеген белгілі бір уақыт ішіндегі Жүйеде қолма қол ақшасыз төлемдерге және (немесе) ақша аударымдарына арналған барынша көп және барынша аз ақша сомасы.
- 9) логин – Жүйедегі Клиенттің шартты атауын белгілейтін және жеке кабинетке кіру үшін оны авторландыру мақсатында пайдаланылатын бірегей идентификатор.
- 10) SMS-қызметтер жүйесінің операторы – мобильді төлемдер жүйесі/SMS-қызметтер жүйесі арқылы электрондық банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және Банспен мобильді төлемдер жүйесіне/SMS-қызметтер жүйесіне қосылу шартын жасасқан заңды тұлға.
- 11) пароль – Клиенттің өзіне ғана мәлім, Жүйе қызметтеріне қол жеткізуге арналған символдардың бірегей реттілігі.
- 12) клиенттің жеке деректері – Клиентке қатысты мәліметтер, оның ішінде электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасымалдаушыда тіркелген биометриялық деректер.
- 12-1) растаушы транзакция – төлем карточкасын іске қосу үшін жүйеде клиент жүргізетін транзакция немесе клиент төлем карточкасын іске қосу үшін Банк белгілеген ең төменгі мөлшерде жүргізетін қайталама транзакция.
- 13) қауіпсіздік рәсімі – ұйымдастыру шаралары және Клиенттің электрондық банктік қызметті пайдалану құқығын растауға және электрондық тәсілмен берілетін және қабылданатын хабарламалар мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгерістерді анықтауға арналған ақпаратты қорғайтын бағдарламалық-техникалық құралдар кешені.
- 14) тіркеу – Клиенттің өз деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, айы, күні, ЖСН және басқалары) Жүйенің интернет-ресурсында орналастырылған Жүйеге қосылу туралы нұсқаулықта белгіленген тәртіппен Жүйеге ендіру рәсімі.

- 14-1) рекуррентті төлем – сақталған деректемелерді пайдаланатын және тиянақталған жүйелі (транзакциялар арасы 1 жылдан аспайтын) уақыт аралығында жүргізілген, төлем карточкасын ұстаушы мен Банк арасындағы жүйелі уақыт аралығында бұдан кейінгі транзакцияларға бастама жасау туралы келісімді білдіретін транзакциялар тобындағы транзакция.
- 15) сессия – Клиент Жүйеде үздіксіз операция жүргізетін уақыт кезеңі. Бір сессия ішінде Клиент операциялардың шексіз санын жүргізуге құқылы.
- 16) нұсқау – төлем және (немесе) ақша аударымы бастамашысының төлем қызметтерін жеткізушіге электрондық төлем құралдарын немес қашықтан қол жеткізу жүйесін қолдану кезінде тапсырма, талап ету немесе келісім түрінде білдірілетін, төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру жөнінде қоятын өкімі.
- 17) электрондық төлем қызметтері – банктік шотты пайдаланып, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізумен және ақпараттық банктік қызметтерге қатысы жоқ өзге де банктік операцияларды жүзеге асырумен байланысты электрондық банктік қызметтер.
- 18) электрондық банктік қызметтер – клиенттің төлем қызметтерін және ақпараттық банктік қызметтерді алуы үшін қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы өзінің банктік шоттарына қол жеткізуімен байланысты қызметтер.
- 19) SMS-хабарлама – Банктің ішкі құжаттарында және Шартта белгіленген нысан бойынша Клиенттің SMS-хабарлау қызметіне қосылуға берген және қол қойылған өтініші негізінде, Клиенттің жеке сұратуынсыз оның тіркелген нөміріне SMS-хабарлар жолдау арқылы оның жинақ шоттары/төлем карточкалары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы (операция жүргізуден бас тарту туралы ақпаратты қоса), жүргізілген төлемдер мен ақша аударымдары туралы ақпарат және ұсынылған және алдағы уақытта ұсынылатын банктік қызметтер туралы басқа да ақпараттар берумен байланысты электрондық банктік қызмет.
- 20) SMS-код – Клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен жасалатын электрондық цифрлық символдардың бірегей реттілігінен тұратын және Клиентті Жүйеге тіркеген кезде бір рет пайдалануға немесе электрондық төлем қызметтерін растауға тағайындалған бір рет пайдаланылатын (бір жолғы) код.
- 21) SMS-хабар – SMS-қызметтер жүйесінің операторы арқылы Клиенттің Банкке немесе Банктің Клиентке жолдайтын белгіленген форматтағы қысқа мәтіндік хабары.
- 22) SMS-қызмет – SMS-хабар арқылы Клиенттің Банкке немесе Банктің Клиентке ақпарат беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, SMS-қызметтер жүйесі операторының Банкке көрсететін қызметі.
- 23) QR-code – кодталған ақпаратты сканермен анықтауға арналған және Клиентке жекелеген электрондық банктік қызметтерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін матрицалық код.

Условия

предоставления электронных банковских услуг физическим лицам в системе удаленного доступа "TengriWallet"

Глава 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящие Условия предоставления электронных банковских услуг физическим лицам в системе удаленного доступа "TengriWallet" (далее – Условия) регулируют отношения между Акционерным обществом "Tengri Bank" (далее – Банк) и Клиентом, а также общие требования, ограничения и процедуры предоставления Банком электронных банковских услуг физическим лицам (включая SMS-информирование) посредством системы удаленного доступа.
2. Настоящие Условия являются неотъемлемой частью Договора на предоставление электронных банковских услуг физическим лицам (далее – Договор), заключенного между Банком и Клиентом. Договор и настоящие Условия могут рассматриваться исключительно в качестве единого документа. Присоединяясь к Договору, Клиент присоединяется к настоящим Условиям и подтверждает:
 - 1) что получил, ознакомлен и, безусловно, согласен с настоящими Условиями и тарифами Банка;
 - 2) обязуется соблюдать и руководствоваться настоящими Условиями.
3. Настоящие Условия являются неотъемлемой частью Договора и содержат требования предусмотренные, пунктом 4 статьи 13 Закона о платежах и платежных системах Республики Казахстан для договора об оказании платежных услуг. Осуществление Банком платежей/переводов проводятся в порядке, предусмотренном внутренними документами Банка и действующим законодательством Республики Казахстан.
4. Настоящие Условия устанавливают правила оказания Банком электронных банковских услуг, размещаются на интернет-ресурсе системы удаленного доступа "TengriWallet" (далее – Система) по адресу www.tengriwallet.kz.

Клиент не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в настоящих Условиях или тарифах Банка, как на доказательство того, что настоящие Условия или тарифы Банка не были им получены или не разъяснены, если у Банка имеются документы в электронном виде, успешно авторизованные Клиентом на интернет-ресурсе Системы, являющиеся подтверждением того, что Клиент принял и ознакомился с условиями путем совершения действий, подтверждающих согласие, которые признаются в соответствии со статьей 152 Гражданского кодекса Республики Казахстан сделкой совершенной в письменной форме, являются равными соответствующим документам на бумажном носителе и порождают аналогичные им права и обязанности.
5. Действие настоящих Условий не распространяется на иные услуги, предоставляемые Банком и не предусмотренные в настоящих Условиях. В случае если Клиент желает получить иные услуги, требуется заключение отдельных договоров на оказание соответствующих услуг.
